

**"Ғылым қоры" АҚ
Басқармасымен бекітілген
2020 жылға " 20 " наурыздағы
№7 хаттама**

**«Стоп-Коронавирус»
онлайн-байқауы туралы
ЕРЕЖЕ**

Нұр-Сұлтан, 2020ж.

1. Жалпы ережелер

1.1. "Стоп-Коронавирус" байқауы туралы осы Ереже (бұдан әрі – Ереже) еліміздегі коронавируспен күресудің тиімді идеяларын іріктеу үшін байқауды іске асырудың шарттары мен механизмін айқындайтын құжат болып табылады және байқауды ұйымдастырушылар мен оған қатысушылардың өзара қарым-қатынастарының жалпы ережелерін белгілейді.

1.2. Байқау "Ғылым қоры" АҚ (бұдан әрі – Ғылым қоры) бастамасымен өткізіледі.

2. Терминдер мен анықтамалар

Байқау	Белгілі бір тұлғалардың осы Ережеге сәйкес ғылым және басқа да салалардағы жеңіске үздік үміткерді (қатысушы), немесе үздік үміткерлерді (жобалау тобы) іріктеу мақсатындағы ізденушілігі
Жоба	Байқау тақырыбына сәйкес бірегей өнім, қызмет немесе нәтижені жасауға бағытталған іс-шаралар кешені (ұсыныстар)
Өтінім беруші	Байқауға қатысуға өтінім берген және жеке жобасын немесе жобалау тобының мүшесі ретінде жобалау тобы атынан жоба ұсынған Қазақстан Республикасының азаматы (кәмелетке толған, еңбекке жарамды)
Жобалау тобы	Жобаны іске асыруға қатысатын Қазақстан Республикасы азаматтарының тобы (5 (бес) адамнан көп емес). Жобалау тобының құрамы өтінімде көрсетіледі
Өтінім	Өтінім берушінің Байқауға қатысу үшін осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес беретін Өтінімі
Байқау комиссиясы	Құрамы Ғылым қорының кемінде 5 (бес) қызметкерінен құралған, Өтінімдерді бағалауды және іріктеуді іске асыратын және Байқауға қатысушыларды анықтайтын сараптамалық топ
Байқауға қатысушы	Байқау комиссиясының Өтінімдерді қарастыру қорытындысы бойынша Байқауға қатысу үшін іріктеуден өткен Өтінім беруші
Қазылар алқасы	Құрамы (кемінде 5 (бес) адам) Ғылым қоры және Байқау Серіктестерінің өкілдерінен құралған Байқауға қатысушылардың таныстырылымдарын бағалайтын, Байқау Жеңімпаздарын анықтайтын Сараптамалық топ
Ұйымдастырушы	«Ғылым қоры» АҚ
Байқау Серіктестері	Байқауды Ұйымдастырушы Байқауды іске асыруда ұйымдастырушылық және өзге де, соның ішінде қаржылық көмек көрсету үшін тартқан Ұйымдар
Байқау Жеңімпазы	Байқаудың финалдық кезеңінде Қазылар алқасы қойылған максималды балл жинаған Байқауға қатысушы
Байқау комиссиясының хатшысы	Байқау комиссиясы мүшелерінің жұмысын реттейтін, Байқауға қатысушыларды анықтау жөнінде хаттама дайындайтын Байқауды ұйымдастырушының өкілі. Байқау комиссиясының хатшысы Байқау комиссиясының мүшесі болып табылмайды
Қазылар алқасының хатшысы	Қазылар алқасы мүшелерінің дауыстарды санауды, Байқау Жеңімпаздарын анықтау жөнінде Байқау хаттамасын дайындауды іске асыратын Байқауды ұйымдастырушының

	өкілі. Қазылар алқасының хатшысы Қазылар алқасының мүшесі болып табылмайды
БАҚ	Бұқаралық ақпарат құралдары

3. Негізгі ережелер

Байқаудың мақсаты	Коронавирус індетінің таралуына қарсы бағытталған тиімді шешімдерді табу.
Байқаудың міндеттері	<ol style="list-style-type: none"> 1. Коронавирус індетінің таралу мәселелерін шешуде Үкіметке қолдау көрсету. 2. Коронавируспен күресуде отандық мамандар мен сарапшылардың идеяларын алға тарту. 3. Коронавируспен күресу мәселелері бойынша отандық мамандардың деректер базасын қалыптастыру. 4. Байқау жеңімпаздарына алдағы уақытта идеяларын алға тартуда және қаржы тартуда қолдау көрсету.
Байқау өткізілетін орын	Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы.
Байқауды өткізу уақыты	2020 жылдың наурыз – сәуір айлары
Байқау кезеңдері	<p>1-кезең</p> <ol style="list-style-type: none"> 1.1 Ұсыныстарды беру – 2020 жылдың 3 сәуіріне дейін. 1.2 Өтінімдер негізінде Қатысушыларды іріктеу – 2020 жылдың 7 сәуіріне дейін. <p>2-кезең</p> <ol style="list-style-type: none"> 2.1 Байқауға Қатысушылардың онлайн-форматта жобаларын қорғауы – 2020 жылдың 14 сәуірі. 2.2 Байқауға Қатысушылардың жобаларын бағалау және Жеңімпаздарды анықтау – 2020 жылдың 15 сәуіріне дейін. <p>3-кезең</p> <ol style="list-style-type: none"> 3.1 Байқау қорытындысын жариялау – 2020 жылдың 16 сәуірі. 3.2 Байқау нәтижелері бойынша ақпаратты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі арқылы ҚР Үкіметіне жолдау. 3.3. Жаңа өнімді шығару және қызметтерді ұйымдастырумен байланысты жобалар үшін мүдделі инвесторлар іздеу.

4. Байқаудың нысаны болып табылатын тақырыптарының атауы

- 1) Коронавирустың алдын алу;
- 2) Коронавирусты емдеудің негізгі тәсілдері, емдеуде қолданылатын жаңа өнімдер мен құралдар;
- 3) Коронавирустың таралуының алдын алу шараларын ұйымдастыру;
- 4) Коронавирустың таралу салдарын еңсеру шаралары.

5. Байқауды іске асыру механизмі

5.1. Байқауды Ұйымдастырушы БАҚ арқылы өтінімдерді қабылдау мерзімін көрсете отырып және Байқау туралы Ережеге сілтеме жасай отырып, Байқаудың басталғанын хабарлайды.

5.2. Байқауға қатысу үшін осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес Өтінімді толтыру керек.

5.3. Қажет болған жағдайда Ұйымдастырушы Байқауға қатысты қосымша ақпарат сұрауға құқылы.

5.4. Өтінімдер "Стоп-Коронавирус" белгісімен келесі электрондық мекен-жайлар бойынша info@science-fund.kz және anticovidkz@gmail.com қабылданады.

5.5. Байқау Қатысушыларын іріктеу Өтінімдер негізінде жүргізіледі.

5.6. Байқау комиссиясы әрбір Өтінім бойынша балл қою арқылы шешім қабылдайды, оны Комиссия Хатшысы осы Ереженің 2- қосымшасына сәйкес хаттама түрінде рәсімдейді. Хаттамаға Өтінімді бағалаған Байқау комиссиясының мүшелері қол қояды.

5.7. Қатысушыларды іріктеу қорытындысы бойынша барлық Өтінім берушілерге ақпараттық хабарлама жіберіледі.

5.8. Іріктеп алынған Қатысушылар өз жобалары бойынша таныстырылымдар дайындайды. Таныстырылымдар PowerPoint форматында (7 слайдтан көп емес) дайындалуы тиіс және келесі ақпаратты қамтуы қажет:

- жобаның атауы;
- мәселесі;
- шешу жолдары;
- іске асыру механизмі;
- қажетті қаржыландыру көлемі;
- командасы, байланысу мәліметтері.

5.9. Байқауды Ұйымдастырушылар 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде Байқауға Қатысушыларды жобаларды қорғау түрі және өткізу уақыты туралы хабарландырады.

5.10. Байқаудың Қазылар алқасы таныстырылымдарды балл қою арқылы бағалайды, оны Қазылар алқасының Хатшысы осы Ереженің 3- қосымшасына сәйкес хаттама түрінде рәсімдейді. Хаттамаға Қазылар алқасының мүшелері қол қояды.

5.11. Таныстырылымдарды қорғау қорытындысы бойынша максималды балл жинаған Қатысушылар Байқау Жеңімпаздары атанады.

5.12. Байқауды Ұйымдастырушы Байқау нәтижелері бойынша ақпаратты ҚР Білім және ғылым министрлігіне және ҚР Үкіметіне, сонымен қатар жаңа өнімді шығару және қызметтерді ұйымдастырумен байланысты жобалар бойынша мүдделі инвесторларға жолдайды.

5.13. Байқауды Ұйымдастырушы Байқау Жеңімпаздарының жобаларын БАҚ-тарда кеңінен жариялау үшін қажетті іс-шаралар өткізеді.

6. Байқауға қатысу шарттары

6.1. Байқауға жеке тұлғалар, сондай-ақ Жобалау топтары қатыса алады. Топтағы қатысушылар саны 5 (бес) адамнан аспауы тиіс. Жобалау тобы Байқаудың бір Қатысушысы ретінде қарастырылады.

6.2. Байқау комиссиясы мен Қазылар алқасына қатысатын Ғылым қорының және байқау Серіктестерінің қызметкерлері, сондай-ақ олардың аффилиирленген тұлғалары Байқауға қатыса алмайды.

6.3. Жобалық ұсыныстар бағытталуы тиіс:

а) коронавирустың таралуы және/немесе оның салдарларын жою мәселелерін шешу шараларын ұйымдастыру;

б) коронавирустың таралуының алдын алу және/немесе одан емдеуге ықпал ететін жаңа өнімді шығару немесе қызметтерді ұйымдастыру.

6.4. Өтінім беруші Байқауды өткізу шарттарымен және мерзімдерімен Байқауды Ұйымдастырушының ақпараттық ресурстарынан таныса алады.

Байқауды өткізу мерзімін ұзартқан немесе өзге де өзгерістер болған жағдайда, Ұйымдастырушы қосымша ақпаратты немесе жаңа шарттарын өзінің ақпараттық ресурстарында жариялайды.

6.5. Байқауға қатысуға берілген Өтінім осы Ережеде қарастырылған талаптар мен шарттарға Байқауға Қатысушының келісім білдіру нысаны болып табылады.

6.6. Өтінім берушілер тарапынан Байқауға қатысу өтеусіз негізде іске асырылады, Байқауға қатысу бойынша шығындарды (материалдарды дайындау және басқалары) Өтінім берушілердің өздері көтереді.

6.7. Белгіленген күннен кейін келіп түскен өтінімдер қаралмайды.

6.8. Өтінімдер рецензияланбайды және кері жіберіледі.

6.9. Өтінім қабылдаған күн деп Өтінім берушінің Өтінімді "Стоп-Коронавирус" белгісімен info@science-fund.kz және anticovidkz@gmail.com электрондық мекен-жайларына жіберген күні есептеледі.

7. Байқау комиссия және Қазылар алқасы жұмысының негізгі ережелер

7.1. Байқау комиссияның және Қазылар алқасының мүшелері осы Ережеде баяндалған Байқау талаптары мен ережелерін қатаң ұстануға міндеттенеді.

7.2. Байқау комиссияның мүшелері Байқаудың мақсаты, міндеттері және критерилеріне сәйкес Өтінім берушілерді таңдауда әділ шешім шығаруға міндеттенеді.

7.3. Байқау комиссияның және Қазылар алқасының мүшелері Байқау нәтижелері жарияланғанға дейін Байқауды іске асыру барысы туралы ақпаратты жария етпеуге міндеттенеді.

7.4. Байқау комиссияның және Қазылар алқасының мүшелері БАҚ және басқа да мүдделі тұлғалар мен ұйымдарға Байқауға қатысты ақпаратты бере алмайды, сонымен қатар Байқауды іске асырумен байланысты қандай да бір ақпарат немесе материалдарды Ұйымдастырушының келісімінсіз беруге құқығы жоқ.

8. Іріктеу кезеңінде құжаттарды бағалау критерийлері:

8.1. Іріктеу кезеңінің бағалау критерийлері:

- жобалық ұсыныстардың 4-бапта көрсетілген Байқау тақырыптарына сәйкестігі;
- өтінімнің барлық тармақтары бойынша толық ақпараттың болуы;
- жобада мәселені, оны шешу жолдарын және механизмдерін ашу;
- жобаның жаңалығы мен бірегейлігінің болуы.

8.2. Өтінімді бағалаудың әрбір критеріі 1 (бір)-ден 5 (бес)-ке дейін баллмен бағаланады:

1 – ұсынылған материалдар жобаны осы критерий бойынша бағалауға мүмкіндік бермейді;

2 – нәтижесі теріс және/немесе критерий толық көрсетілмеген және ашылмаған;

3 – бейтарап нәтиже және/немесе критерий көрсетілген, бірақ жеткіліксіз ашылған, дәлелдеу жетіспейді;

4 – оң нәтижесі аз және/немесе критерийлері көрсетілген және ашылған, бірақ егжей-тегжейлі аспектілері толығымен қамтылмаған;

5 – айтарлықтай оң нәтиже және/немесе критерий сапалы көрсетілген және жеткілікті ашылған.

8.3. Ең жоғары балл жинаған Қатысушылар финалдық кезеңге өтеді.

9. Финалдық кезеңде таныстырылымдарды бағалау критерийлері

9.1. Байқауға Қатысушылардың таныстырылымдарын бағалау критерийлері:

- жаңалығы мен бірегейлігі;
- мәселемен айқындалған әлеуметтік маңыздылығы;
- ұсынылатын шешімдері және механизмдерінің іске асырылуы;
- күтілетін практикалық нәтижелері;
- бәсекелестік артықшылықтарының болуы.

9.2. Байқауға қатысушы жобаның әрбір бағалау критерийі 1 (бір)-ден 5 (бес)-ке дейін баллмен бағаланады:

1 – ұсынылған материалдар Қатысушыны осы критерий бойынша бағалауға мүмкіндік бермейді;

2 – нәтижесі теріс және/немесе критерий толық көрсетілмеген және ашылмаған;

3 – бейтарап нәтиже және/немесе критерий көрсетілген, бірақ жеткіліксіз ашылған, дәлелдеу жетіспейді;

4 – оң нәтижесі аз және/немесе критерийлері көрсетілген және ашылған, бірақ егжей-тегжейлі аспектілері толығымен қамтылмаған;

5 – айтарлықтай оң нәтиже және/немесе критерийі сапалы көрсетілген және жеткілікті ашылған.

9.3. Максималды балл жинаған Қатысушылар Жеңімпаз болып жарияланады.

9.4. Жеңімпаздар тізімі Ұйымдастырушының және Байқау Серіктестерінің ақпараттық ресурстарында жарияланады.

10. Қорытынды ережелер

10.1. Байқауға қатысты барлық сұрақтар мен ұсыныстар "Стоп-Коронавирус" белгісімен info@science-fund.kz, anticovidkz@gmail.com, a.daurenbekova@science-fund.kz, d.yesmukhanova@science-fund.kz электрондық мекен-жайлары бойынша және whatsapp +7 777 235 51 20, +7 707 192 95 45, +7 777 756 77 44 нөмірлеріне жіберіледі.

10.2. Конкурсты Ұйымдастырушының мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 41 үй, "Silk Way" БО, 4-ші қабат, "Ғылым қоры" АҚ.

10.3. Байланыс телефондары: +7 (7172) 76-85-74, +7 (7172) 76-85-76; ұялы телефондар: +7 777 235 51 20, +7 707 192 95 45, +7 777 756 77 44 электрондық пошта: info@science-fund.kz, anticovidkz@gmail.com.

10.4. Байқауды Ұйымдастырушының онлайн-байқау туралы Ереже бойынша және Өтінімді дайындау бойынша кеңес беретін уәкілетті тұлғалары – Дауренбекова Ақмарал Нармаханбетқызы (ұялы тел: +7 707 192 95 45, e-mail: a.daurenbekova@science-fund.kz), Есмұханова Дана Қуанышқызы (ұялы тел: +7 777 756 77 44, e-mail: d.yesmukhanova@science-fund.kz).

«Стоп-Коронавирус»
онлайн-байқауы туралы
Ережеге
1-қосымша

«Стоп-Коронавирус»
онлайн-байқауын
Ұйымдастырушыға

«Стоп-Коронавирус»
онлайн-байқауына қатысуға
Өтінім

Берілетін Өтінімді қарастыруды сұраймын

Өтінім берушінің толық аты-жөні:	
Жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН (ИИН))	
Жобалау тобының құрамы (болған жағдайда) (Жобалау тобының барлық мүшелерінің толық аты-жөнін, туған күнін, ЖСН көрсету):	
Өтінім берушінің мекен-жайы (нақты):	
Өтінім берушінің байланыс телефоны (ұялы):	
Өтінім берушінің E-mail поштасы:	
Жобаның атауы:	
Өтінім берушінің/Жобалау тобы мүшелерінің жұмыс тәжірибесі. Оның ішінде Жобаға қатысы бар тәжірибесі (болған жағдайда):	
Жобаның негізгі мәні: мәселе, шешу жолдары мен механизмдері (400 сөзден аспуы керек):	
Жаңалығы мен бірегейлігі (200 сөзден аспуы керек):	
Әлеуметтік маңыздылығы:	

Мақсатты аудиториясы, клиенттері:	
Жоба идеясын іске асыруға қажетті қаражат көлемі:	
Қаржыландыру алған сәттен бастап жобаны іске асырудың болжамды мерзімі:	
Қосымша ақпараттар (ұсынылып отырған Жобаны іске асырудағы мақсаты, күтілетін нәтижелері (200 сөзден көп емес):	

Мен «Стоп-Коронавирус» онлайн-байқауы туралы Ережеде көрсетілген байқау шарттарымен таныстым және келісетінімді растаймын.

Мен осы Өтінімде көрсетілген барлық ақпарат Өтінімді беру сәтінде дәйекті және өзекті болып табылатынын растаймын.

Мен Байқау комиссиясының және Қазылар алқасының Байқау Қатысушыларын және Байқау Жеңімпаздарын анықтау кезіндегі шешімі нақты болып табылатынымен келісемін.

Өтінімді бере отырып дербес деректерді жинауға және өңдеуге келісім беремін.

Байқауға келіп түскен Өтінімдерді бағалау хаттамасы

Нұр-Сұлтан қ.

« _____ » _____ 2020ж.

№ п/п	Өтінім берушінің аты-жөні	Жобаның атауы	Баллдар				Баллдар сомасы	Шешімі
			Жобалық ұсыныстардың Байқау тақырыптарына сәйкестігі	Өтінімнің барлық тармақтары бойынша толық ақпараттың болуы	Жобада мәселені, оны шешу жолдарын және механизмдерін ашу	Жобаның жаңалығы мен бірегейлігінің болуы		
1								
2								
3								

Байқау комиссиясының мүшелері:

1. _____ Аты-жөні
2. _____ Аты-жөні
3. _____ Аты-жөні
4. _____ Аты-жөні
5. _____ Аты-жөні

Байқауға Қатысушылардың таныстырылымдарын бағалау хаттамасы

Нұр-Сұлтан қ.

« ____ » _____ 2020ж.

№ п/п	Өтінім берушінің аты-жөні	Жобаның атауы	Баллдар					Баллдар сомасы
			Жаңалығы мен бірегейлігі	Мәселемен айқындалған элеуметтік маңыздылығы	Ұсынылатын шешімдері және механизмдерінің іске асырылуы	Күтілетін практикалық нәтижелері	Бәсекелестік артықшылықтарының болуы	
1								
2								
3								

Қазылар алқасының шешімі:

Бірінші орын – « _____ » жобасы,
авторы/авторлары _____

Екінші орын – « _____ » жобасы,
авторы/авторлары _____

Үшінші орын – « _____ » жобасы,
авторы/авторлары _____

Қазылар алқасының мүшелері:

1. _____ Аты-жөні
2. _____ Аты-жөні
3. _____ Аты-жөні
4. _____ Аты-жөні
5. _____ Аты-жөні